

80

A stylized laurel wreath in a light beige color, partially encircling the number 80.

*Жәкішев
Мұрейнбек
Жәкішұлы*

Биобиблиографиялық көрсеткіш





И. Какин

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**КӘКІШЕВ
ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ**

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Алматы
"Қазақ университеті"
2007

Жауапты редакторы:

Ж.Д. Дәдебаев

Құрастырушылар:

Ж.Б. Мұқалдиева, Қ. Ахметова,

К.К. Абуғалиева, Г.С. Коурдакова

Редакторлар:

Д.Т. Нұрғалиева, А.Ж. Скатова

Кәкішев Тұрсынбек Кәкішұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш /құраст. Ж.Б. Мұқалдиева ж.б.; жауапты ред. Ж.Д. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 216 б.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Бұл көрсеткіш Халықаралық жоғарғы мектептер ғылым академиясының академигі, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы Кәкішевке арналған.

Биобиблиографияда жинақталған материалдар профессор Т.К.Кәкішевтің өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіште материалдар әр жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан. Әуелі қазақша, одан кейін орыс тілдерінде беріліп отыр.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар "de visu" жұлдызымен белгіленген.

Оқырмандар пайдалануына ыңғайлы болу үшін авторлардың есім көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета им. аль - Фараби.

Биобиблиография посвящена почетному академику Международной академии наук высшей школы профессору Турсынбеку Какишевичу Какишеву.

Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем. Материал расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском, затем на русском языках.

Статьи, которые не удалось просмотреть "de visu" отмечены звездочкой.

В именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ.

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГТІК ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

Қазақ әдебиеттану мен сыны қазір тарамдана да салалана өсіп жатқанда оның кадрлары да өзінің өнерпаздық ыңғайына қарай мамандана бастады. Алғашқы творчестволық қадамынан бастап әдебиетіміздің өткен-кеткенін тінте іздестіріп, өз ерекшелігін танытып келе жатқан әдебиет тарихшысы Тұрсынбек Кәкішұлы.

Т.Кәкішұлы 1927 жылы 15 тамыз күні Ақмола облысы, Бұланды ауданындағы Алтынды руднигінде алтын өнеркәсібі жұмысшысының семьясында дүниеге келген, 1944-1945 оқу жылдары Ақмола қаласындағы орта мектепті тамамдап, Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түседі. Оның толық курсын 1950 жылы тамамдайды.

Университетте оқып жүргенде қаламының желі барын танытқан жасты қазақтың атақты фельетонисі С.Төлешов (бүркеншік аты - С.Шынаров) төртінші курсты бітіргеннен кейін 1949 жылы "Лениншіл жас" газеті редакциясының жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушілігіне ұсынады. Оқу мен жұмысын қосарлай атқарған Т.Кәкішұлы университет жолдамасымен қазіргі "Рауан" баспасының жоғары оқу орындар оқулықтары редакциясының аға редакторы болып қызметке орналасады.

1951 жылдың күзінде КО КП Орталық Комитетінің баспасөз бөлімінің ұйғарымымен марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын тәжімалайтын аудармашылардың екі жылдық курсіне жіберіледі. Бір жыл оқығаннан кейін КО КП Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтына кіші ғылыми қызметкерлікке ауыстырылады. Осы институтта жүргенде Т.Кәкішұлы көптеген архивтік деректер негізінде қызықты да тартымды мақалалар жазып, өзінің негізгі мамандығына ыңғайлана береді.

1958 жылы Қазақ ССР академиясының Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түсіп, оны мерзімінен бұрын 1960 жылы "Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері (1917-1929 жж.)" деген тақырыпта

кандидаттық диссертация қорғап, сол институттың аға ғылыми қызметкері болды.

Осы зерттеу еңбегі Т.Кәкішұлының 1962 жылы "Октябрь өркені" атты монография болып шықты. Бұл кітап жас ғалымның өткір де толымды ойларының молдығын ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи-архивтік деректерді пайдалану, сөйтіп дәуір шындығын ашу үшін ғылыми ізденімпаздық жолға түсу мәселелерін күн тәртібіне қойды.

Мұндай мәнді монография үлкен де зерделі, қиын да ауқымды еңбектер арқылы жарыққа келді.

50- жылдардың екінші жартысынан бастап Т.Кәкішұлы қазақ совет әдебиеті тарихынан ұмытыла бастаған Жиенғали Тілепберген, Елжас Бекенов сынды дарындар жайында арнайы мақала жазып қоймай, олардың еңбектерін жинау, жариялау ісімен шұғылданады. 1957 жылы Саттар Ерубасовтың артында қалған мұраларын түгелге жақын жинап, жеке кітап етіп шығарды. Оны толықтырып 1979 жылы екінші, 1994 жылы үшінші рет жариялады. 1959 жылы Сабыр Шариповтың екі томдығын Қ.Жармағамбетовпен бірлесіп шығарады. С.Шариповтың 100 жылдығына бағыштап 1985 жылы толықтырып қайтадан жариялады. 1960 жылдан бастап С.Сейфуллиннің алты томдығын шығарысуға белсене қатысып, 4,5,6 томдарын құрастырды. 1969 жылы Ж.Тілепбергеннің "Ізбасар" атты таңдамалы жинағы Т.Кәкішұлының іждаһатымен жарық көрді. Елжас Бекеновтің "Дала қоңырауына" да алғысөз жазды.

Өз еңбегімен қатар өзгенің шығармаларын ескі газет-журналдардан тауып алып, оған қайтадан өмір беру, архив шаңын қағу машағы ғалымның өзіне ғана емес, елге де олжа салғанын көрсетеді. Ғылыми зерттеулері практикалық қажеттілікпен астарласып жатады.

Профессор Т.Кәкішұлы қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ғылыми әлеуметтік мәні зор іске белсене араласуда. "Қазақ әдебиеті тарихының" үшінші томының I және II кітаптарына арнаулы тараулар мен бөлімдер жазды. Екінші кітаптың жауапты редакторының бірі болды. Е.Ысмайылов, М.Дүйсенов үшеуі бірігіп СССР Ғылым академиясының М.

Горкий атындағы дүниежүзілік әдебиет институтынан шығарған "Көп ұлтты совет әдебиетінің " алты томдық тарихының 1970 жылы шыққан 1-ші томына 20-жылдардағы қазақ совет әдебиетіне арналған тарауды жазды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының ұжымы "Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы "атты еңбекті француз, ағылшын, корей тілдеріне аударуға ыңғайлап, "Қазақ университеті" баспасы 2001 жылы шығарғанда басылымның жалпы редакциясын профессор Т.Кәкішұлы басқарды.

Республика әдебиетшілерінің шығарған жинақтарының, өткізген ғылыми конференцияларының бәріне де, түгелдей ат салысып келе жатқаны тағы да бар.

Т.Кәкішұлы тек әдебиет тарихымен ғана емес, бүгінгі әдеби процеске де араласып, ара-тұра сын мақалалар жазып қояды. Оның мақалалары өзінің ойлылығымен, өткірлігімен көзге түседі.

1967 жылы Т.Кәкішұлының көптен бері жазып, жұртшылықтан ризашылық пейіл көрген кейбір ғылыми-зерттеу және сын мақалалары "Дәуір суреттері" атты монографиялық этюдтер түрінде жарық көрді. Дала дауылпазы С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин, С. Шарипов, Ж. Тілепбергенов, Е. Бекенов, С. Ерубасов жайындағы толымды ойларын уақыт тезіне салып, жаңғырта баяндауда. Сол жылы Сәкен Сейфуллин" атты кітапшасы да жарық көрді.

1968 жылы нақты тарихи-архивтік деректер негізінде жазылған "Қызыл сұңқар" атты тарихи-әдеби очеркі басылып шықты. Оның қазақ әдебиеті үшін жаңалық сипаты бар құбылыс екенін талай мақала, рецензияларда орынды аталды.

Автор осы еңбегін бүкілодақтық оқушы қауымға ұсыну мақсатымен өңдей де толықтыра өзгертіп Мәскеудегі "Молодая гвардия" баспасының "Тамаша адамдардың өмірі" сериясынан 1972 жылы шығарды. Ол үлкен әдеби құбылыс болды. Өйткені совет еліндегі түркі тілдес халықтарының өкіліне арналған бірінші кітап екенін ескерер болсақ, онда Т.Кәкішұлының "Сәкен Сейфуллин" атты еңбегінің мән мағына-

сы екені өзінен өзі айқындала түсері хақ. Бұл кітап Қазақстанда халық сүйіспеншілігіне ие болған дарындар, мемлекет-әлеумет қайраткерлері, ұлы ақын - жазушылар жөнінде арнайы серия шығару қажеттігін анық аңғартты. “Жалын” баспасының “Өнегелі өмір” атты сериясының серкесі 1976 жылы шыққан “Сәкен Сейфуллин” болды.

1968 жылдан бастап Т.Кәкішұлы өзі оқып шыққан Қазақтың С.М.Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының әуелі аға оқытушысы, одан кейін доценті, қазір профессоры болып қызмет атқаруда. Мұнда жалпы әдебиет тарихымен ғана шектеліп қалмай, қазақ әдебиеті сынының тарихының жалпы курсын, Сәкеннің жаңашылдығы және қазақ совет поэзия-сының өркендеуі жайында дәріс оқиды.

Т.Кәкішұлының ғалымдық-өнерпаздық ерекшелігі өзінің зерттеу еңбектерінде маңызына түрен түспеген тың салаларды нақты деректер негізінде індете зерттеуге құмарлығы. Міне, сондықтан оның қаламынан туған дүниелерге ғылыми қауым да, шәкірттер әлемі де, әдебиетті қызықтаушылар да құлақ түріп отырады.

Соның нақты бір дәлелі “Қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жолдары” атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы. Ондаған жыл тірнектей зерттеген михнатты еңбегі қазақ әдебиет сынының Октябрь революциясына дейін туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан әбден қалыптасып, оңаша отау тіккендігін дәлелдеп беріп отыр. Оның алғашқы бөлімі 1971 жылы “Сын сапары” атты монография болып жарияланды. Екінші бөлімі “Оңаша отау” 1982 жылы басылды. Қазақ әдебиеті сыны саласындағы еңбегі қазір республиканың жоғары оқу орындарының негізгі оқу құралына айналып, оның алғашқы программасын 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табақ көлемінде оқулығын шығарды.

Қазақ совет әдебиетінің 20 жылдарын түбегейлі зерттеген, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің творчестволық, әлеуметтік өмірбаянын жасаған профессор Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынының тарихы саласындағы еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес болып табылады. 1994 жылы оқулығын шығарып, гуманитарлық

факультеттердің міндетті пәніне айналды. Т.Көкішұлының саяхатшылдығының да ғибратты жағы бар. Ол қай елде, қай қалада болмасын қазақ халқына, оның қайраткерлеріне қатысты деректерді іздестіретіндігі "Ұштасқан үш өзенмен" (1978), "Жол үстінде 80 күн"(1983), "Жасампаз өлке"(1989), кітаптарынан көрінсе, Польша, Қытай, Иран, Түркия, Монғолия, Франция сапарлары қазақ диаспорасының жай-күйімен байланысып жатады, "Жүргенге жәрдем ілінетіні" Т.Көкішев сапарлары анықтай түседі.

Филология ғылымдарының докторы, қазақ университетінің әдебиет кафедрасының профессоры, сырттай және күндіз оқытатын филология факультетінің деканы болған Түрсынбек Көкішұлының қажырлы еңбегі 1979 жылы "Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген ғылым қайраткері" атағы берілуімен атап өтілді. Өзінің алғашқы ғылыми сапарында, тың да соны соқпаққа түскен ғалымның қайта құру кезінде, әсіресе өтпелі дәуір тұсында азаматтық әуені айрықша естілуде. 1988 жылы "Қағидаға айналған қателерді түзетелік" атты публицистикасы "Алаштың ақиқатын ашық айтайыққа" ұласып, 1992 жылы ұлттық намысқа шырақ жағатын "Санадағы жаралар" атты кітабы шығып, ел-жұрттың алғысын алды.

Радиотеледидардағы жалынды сөздерін, конференцияларда айтқан сүбелі де өткір ойларын қалың көпшіліктің ынта салып тындайтынын да жоққа шығармаған абзал. Әсіресе қазақ тілінің тағдыры жайындағы күрестің бел ортасында жүргені Т.Көкішұлының ғалымдық келбетін саналы азаматтығы мен табандылығы ажарлай түсері сөзсіз.

1990 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы іріленіп "Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны" кафедрасы онаша отау құрды. Оны алғашқы күннен профессор Т.Көкішұлы басқарды. Аз ғана жыл ішінде сол кафедра жанынан "Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы" ғылыми лабораториясы құрылып, оның құрамды бір бөлігі "Қазақ диаспорасының рухани әлемі" тобы шет елдегі қазақтардың фольклорлық, этнографиялық, музыкалық, материалдық байлықтарын зерттей бастады. Монғолия мен Ирандағы қазақ диаспораларына барған экспедицияларды

өзі басқарып, "Монғолия қазақтары" деген жинақты Дүниежүзілік қазақ қауымдастығына басып шығаруға ұсынды.

Қазақстан жоғары оқу орындарына сіңірген еңбектері ескеріліп халықаралық жоғарғы мектеп ғылым академиясының (Қазақстан бөлімшесі) Құрметті академигі болып 1995 жылы 5 қазанда сайланса, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясы 1996 жылы 4 желтоқсанда толық мүшелікке қабылдады. 1998 жылы "Парасат" орденімен, 2004 жылы "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" деген құрметті атақ алды.

Күләш Садыққызы Ахмет
доцент, филология ғылымының кандидаты

ПРОФЕССОР Т.КӘКІШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Тұрсынбек Кәкішұлы 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысының Бұланды ауданындағы Алтынды руднигіне қарасты Бөрлі ауылында дүниеге келген.

1934-1944 жж. әуелі Қаратал, кейін Даниловка орта мектебінде оқыған.

1944 ж. сәуір айынан 1945 жылдың қазанына дейін Ақмоланың облыстық қазақ театрында актер болған.

1945 ж. қазанында Алматыға келіп, Қазақтың С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түскен.

1949 ж.- 2 шілдеде Қазақстан Лениншіл комсомолдар Одағының Орталық Комитетінің органы "Лениншіл жас" газетінің жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған.

1950 ж. 23 наурызында Қазақтың мемлекеттік оқу педагогика баспасының жоғары оқу орындары бөлімінің аға редакторы қызметіне орналасқан.

1950 ж. маусым айында Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің бесжылдық оқу бағдарламасы бойынша журналистика факультетін тамамдаған.

1951 ж. – 1 қыркүйекте Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитетінің ұйғаруымен Республикалық партия мектебі жанынған ашылған марксизм ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударатын екі жылдық курске жолданған.

1951-1952 жж. оқу жылында Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтына сырттан ғылыми ізденушілер қатарында қазақ әдебиетінің тарихы мен совет әдебиеті бойынша кандидаттық емтихан тапсырған.

1952 ж. 26 қазанда Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің шешімімен КО КП ОК жанындағы партия тарихы институтының марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын аударатын сектордың кіші ғылыми қызметкері болып тағайындалған.

1953 ж. 14 сәуірде Қазақ ССР Ғылым академиясы ұйымдастырған "Қазақ эпосының мәселелері" жөніндегі дискуссияда академик А.С.Орловтың "Қазақ батырлық эпосы" деген кітабы жайында сыни ой айтқан.

1955 ж. әдебиеттану саласындағы ілкі еңбегі "Ленин және әдебиет мәселелері", "Жиенғали Тілепбергенов", "Саттар Ерубаеттың әдеби мұрасы" деген мақалалары. "Әдебиет және искусство" (қазіргі "Жұлдыз") журналында жарияланған.

1957 ж. Саттар Ерубаеттың таңдамалы шығармаларының жинағын құрастырып, алғысөз жазып шығарған.

1957 ж. 15 тамызда Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түскен.

1958 ж. 19 маусымда Қазақ ССР Ғылым академиясы өткізген "Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері" туралы республикалық ғылыми конференцияда сөйлеп, оны академик М.О.Әуезов өзінің қорытынды сөзінде ұнамды атап өткен.

1959 ж. - жаңадан ұйымдасқан Әдебиет және өнер институтының қазақ совет әдебиеті бөліміне желтоқсан айында әуелі кіші, аздан кейін аға ғылыми қызметкерлікке көшірілген.

1960 ж. 2 ақпанда "Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелері (1917-1929)" деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғаған.

1960 ж. шілде-тамыз айларында Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор, қазақ совет әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Есмағамбет Самұратұлы Ысмайыловтың жетекшілігімен "Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен өнеріне қатысты деректерді жинау" экспедициясына қатысып, Қарағанды, Ақмола, Көкшетау облыстарында, келесі жылдың тамыз-қыркүйек айларында Омбы қаласы мен Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында архив материалдары мен естеліктер жинаған.

1960 ж. - Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының ғылымдарының "Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі" М.Әуезов, М.Базарбаев, Е.Ысмайылов, З.Кедрина, Е.Лизунова, С.Мұқанов, М.Фетисовтің редакциялық алқасымен СССР Ғылым академиясының А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының қостауымен Москвада шыққан уақытта "Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы" тарауын жазуға қатысқан.

1961 ж. Қазақстан жазушылар одағы мен әдебиет институты бірлесіп өткізетін дәстүрлі әдеби жыл қорытындысында 1960 жылғы сын мен ғылымдағы жаңалықтар жайында өткір баяндама жасаған.

Қазақ совет әдебиетінің туып қалыптасу дәуіріндегі көркемдік ізденіске, қым қуат айтыс, тартыстарға, жаңа реализмнің сырын ашуға, творчестволық күштерді тәрбиелеу мен ұйымдастыруға байланысты мәселелер 20 жылдағы тарихи эстетикалық шындық әдеби мәдени құбылыстарға негіздей зерттелген Т.Кәкішұлының "Октябрь өркені" деген монографиясы домалақ арыз кесірінен Орталық Комитет пен цензура ішітасынан тексермеген ештеңесін қалдырмай, төрт бетін жыртқызып, 1962 ж. әзер дегенде жарияланған, 1963 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бірнеше бөлімінің бірлескен мәжілісінде "Қазақ әдебиеті сынының тууы" ("Қазан революциясына дейінгі кезең) хақында" деген зерттеу еңбегі талқыланған.

1964 ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы "Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасуы" деген арнайы курсты оқуға шақырған.

1972 жылдан бастап ол жалпы курсқа айналып, пән ретінде Қазақстанның гуманитарлық институттары мен университеттерінде міндетті сабаққа айналған.

1966 ж. СССР Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданған.

1967 ж. Әзербайжан әдебиетінің классигі Желел Мамедкулизденің 100 жылдық мерекесіне Қазақстан делегациясы құрамында қатысқан.

Қазақ ССР Ғылым академиясының гүлдену шағында талай игі істердің басы қайырылды. 1959 жылғы ғылыми конференция Е.Ысмайыловтың ұсынысын қолдап, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасауға кірісті. Әр томы екі кітаптан тұратын монументалды еңбектің үшінші томы қазақ совет әдебиетінің туу, даму, қалыптасу дәуірлеріне арналды. Е.Ысмайылов, М.Дүйсеновпен бірге Т.Кәкішұлы екінші ғылыми тарихтың негізгі тарауларын жазып, әдеби өмірдің шежіресін жасап, екінші кітаптың 1967 жылы редакторы болған.

1968 ж. 26 ақпанда Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасына Қазақ ССР Жоғары білім министрлігінің нұсқауымен ғылыми жұмыс жүргізетін аға ғылыми қызметкерлікке жіберілген.

1969 ж. тамызда армян әдебиетінің классигі Овенес Туманянның 100 жылдығына бағышталған "Халық және ақын" атты Бүкілодақтық ғылыми конференцияда "Жарық жұлдыз жарқылы" деген тақырыпта Ереван мемлекеттік университетінде баяндама жасаған.

СССР Ғылым академиясының А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институты, "История советской многонациональной литературы" деген монументалды еңбек жасауға кіріскенде бірінші томының редакциялық алқасы атақты оқымысты Л.И.Тимофеевтің жетекшілігімен Қазақстан ғылымдарынан әдебиеттің қалыптасу дәуірін жазуға Е.Ысмайылов, Я.М.Дүйсенов, Т.Кәкішұлы тартылған болатын. Олардың еңбегін редакциялауға суық қол араласып, әдебиет тарихы бүрмаланған соң авторлар ұжымы атынан Т.Кәкішұлы әдейі Мәскеуге барып, I томының редакциялық алқасының арнайы отырысында баяндама жасап, қазақ әдебиетіне берілген

көлемді екі есеге үлкейтіп қайтқанды. Том 1970 жылы Мәскеуде шықты.

1971 ж. 17 маусымда ҒА-ның М.Ә.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде "Қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жолдары" деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, "Сын сапары" атты монографиясын жариялаған. Филология факультетінің партия ұйымының хатшысы болып сайланған.

1972 ж. Мәскеудің "Молодая гвардия" баспасының "Өнегелі адамдар өмірі" сериясынан "Сәкен Сейфуллин" атты көркем хикаясын шығарған. Бұл кітап түркі тілдес халықтары қайраткерлеріне арналған тұңғыш ғұмырнама.

1972 жылы қазан айында "Советтік шығыс халықтары әдебиетіндегі реализм проблемасы" туралы Баку қаласында өткен бүкілодақтық ғылыми конференцияда "Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі сыншыл реализмнің дәстүрі" деген тақырыпта баяндама жасаған. 1972 жылы профессор атағын алған.

1974 ж. Свердловқа ұшып барып, Кама өзені бойындағы Пермь – Чайковский – Сарапул – Набережные Челны-Чистополь: Волга бойымен Ульяновск -Тольятти Куйбышев-Сызрань Балаково Саратов Камышин Волгоград Волга-Дон каналы арқылы Калач на -Дону- Цымлянск- Волгодонск-Ростов-на-Дону – Тихорецк Кисловод Алматыға келгенде "Отанымыздың орталық көшесімен" деген сапарнама жазып, "Жұлдыз" журналында жарияланған.

1975 ж. СССР-дің батыс өлкелерін: Алматы Киев-Днепр бойымен Канев Кременчуг Днепропетровск- Запорожье Херсон Қара теңіз арқылы – Одесса Кишинев-Бельцы Черновцы Ивано - Франковск - Моршань- Трусковецк – Львов – Брест – Минск – Москва Алматы маршруттарымен 40 күн қызықты да мәнді сапар жасаған.

1976 ж. Қазақстанның "Жалын" баспасында "Өнегелі өмір" сериясы ұйымдастырылып, "Сәкен Сейфуллин" ғұмырнамалық хикаясы соның тұңғышы болып шыққан.

1976 ж. СССР-дің шығыс өлкелерін: Красноярск- Хабаровск Владивосток - Южный Сахалин Корсаков- Холмск пароммен Советская Гавань Ваино- Комсомольск на

Амуре Благовещенск Тында - Чита Улан Удэ Бабушкин
Выдрино - Байкалды кесіп- Листвянка Иркутск Ангарск
Абакан – Минусинск Шушенское Новокузнецк Про-
копьевск Барнаул Қарағанды Алматы маршрутымен 40
саяхатта болған. "Жол үстінде 80 күн" сапарнамасын 1983 жылы
шығарған.

1977 ж. саяхат қызығына батқан пенде кавказ сапарына
шыққан. Алматы Баку Степанакерт Евлах – Кировабад
(Ганжави) Казах Тбилиси - Гори Цихинвали Батуми- Поти
Зүгдуди Сухуми - Минводы Дербент – Махачкала Грозный
Шали – Орджоникидзе (Владикавказ) – Нальчик Пятигорск
Черкасск Карачаевск Теберда Домбай- Кисловодск
Алматы маршрутымен Қап тауының екі бетіндегі ірі, тарихи
қалаларда болған.

1978 ж. Қырым саяхатын бастаған. Алматы-Краснодар-
Новороссийск Анапа Керчь Феодосия Старый Крым –
Планерское (Көктебель) Белогорск Саки Евпатория-
Симферополь Алушта Ялта Севастополь Бакчасарай-
Алматы маршрутымен "Қырымның алтын алқалары" атты
сапарнама жазған. Кавказ Қырым саяхаты "Жасампаз өлке"
деген атпен 1989 жылы жарық көрген. Сапарнама
кітаптарының тұңғышы "Үштасқан үш өзен" басылып
шыққан. 1978 жылы 25 қыркүйекте Қазақ университетінің
сырттай оқытатын филология факультетінің деканы болып
сайланған.

1979 ж. 17 қыркүйекте "Қазақстан республикасына
еңбегі сіңген ғылым қайраткері" құрметті атағы берілген.

1980 ж. Орта Азия республикаларының Ташкент-
Самарқан Душанбе Ашхабад Бахарден Бұхара –Нүкіс
Қоңырат Көне Үргеніш Ташауыз Хива Үргеніш-
Наманган Фергана Андижан Ош – Жалилабад Ташкумар
Талас – Фрунзе (Бишкек) қалаларына үздік сөздік сапар
шеккен, Жолжазбалар үздік-үздік күйінде бастары құралмай
жатқан көрінеді.

1981 ж. Еділ бойындағы автономиялық республикаларға
арнайы сапар шеккен. Уфа Чимшы Ижевск-Агрыз Ела- буга
Казань Иошкар Ола Чебоксары-Алатырь Саринск
Муром Касимов Гусь -Хрустальный Владимир - Суздаль

Москва Дорохова-өнер үйі Малеевка Рузы Бородино Можайск -Волоколамск Наро Фоминск Подольск Чехов Серпухов – Пущено Москва Алматы маршрутымен саяхат кұрып, дем алған.

1982 ж. "Оңаша отау" атты монографиясы, тўнғыш рет "Қазақ әдебиет сынының тарихы" бағдарламасы жарияланған.

1985 ж. филология факультетінің деканы болып сайланған.

1986 ж. 21 сәуірде Қазақстан жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты атанған.

1987 ж. 17 қазанда әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде ғалымның туғанына 60 жыл толуы мерекеленген.

1989ж. Ақмолада С.Сейфуллиннің творчестволық мұрасына арналған оқуларының І-ші секциясының жетекшісі болған.

1990 ж. - Университетте "Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны" кафедрасын ұйымдастырып, оның меңгерушісі болып сайланған.

1990 ж. - "Сәбит Мұқанов және қазақ совет әдебиеті" атты халықаралық ғылыми конференцияда І-ші секция жетекшісі болған.

1991 ж. желтоқсанында Қазақ университетімен қарым-қатынас орнату мақсатымен Польша халық республикасының Познань қаласындағы Адам Мицкевич атындағы университетке делегация басқарып барып, Варшава Краков қалаларын тама шалап, университеттерінің жұмысымен танысқан.

1992 ж. - шілде айында Иранның ұлы ойшылы Шаихаль Муфиттің 1000 жылдығына профессор А.Қасабеков. Алтаевтармен бірге ғылыми конференцияға қатысып, Тегран, Кум (Қом), Исфахан шаһарларын аралап, парсы мәдениетінің Інжу маржанымен танысқан.

1993 ж. шілде айында "Қазақ диаспорасының рухани мәдениеті" тобы Республиканың ғылыми және жаңа технология министрлігінің (Әбілсейтов) қолдауымен Монғол Халық республикасының Баян-Өлгий аймағына жеті маманнан жасақталған ғылыми-сазды, этнографиялық экспедицияны басқарып барған.

1993 жылы Қазақстан жазушылар Одағының жасақтауымен ақын жазушы, ғалымдар Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығын Түркияның Стамбул, Бурса, Балашеке қалаларында өткізген шараларына белсене араласып, қазақ диаспорасының тұрмыс тірлігімен танысқан.

1994 ж. Францияның Валенсьен университетінде 10 күн лекция оқып, Лилль департаментін, Бельгияның астанасы Брюсельді аралаған. Париждің тамашасына үш күн бойы тойына алмай, Германияның Гонновер қаласы арқылы елге оралған. Францияның оқу министрлігінің өтініші бойынша "Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы" деген абыройлы еңбекті кафедра мүшелерінің жасауына басшылық еткен.

1994 жылдың желтоқсаны мен 1995 жылдың қаңтарында Иран ислам республикасында қазақ диаспорасына Ілия Жақанов, Доянбек Ахметовпен бірге барып қайтқан.

1995 ж. 5 қазанында Халықаралық жоғарғы мектептер ғылым академиясының Құрметті академигі болып сайланған.

Халықаралық қоғамдық Айтматов академиясына 1996 жылы 4 желтоқсанында толық мүшелікке қабылданған.

1997 ж. 16 мамырда республика жұртшылығы профессор Т. Көкішұлының туғанына 70 жыл мерекесін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде атап өтті. Желтоқсан айында Ақмола облысының орталығы Астанада, ол туған Бұланды ауданында мерекеленіп, өзі оқыған Даниловка орта мектебіне бұрынғы Киров көшесіне ғалымның аты берілген.

1997 ж. 23-26 мамырда Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінде "Түрік тарихының мәселелері" деген тақырыпта Халықаралық симпозиумның 26 мамырдағы он бірінші мәжілісінде баяндама жасаған.

1998 ж. 17 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша "Парасат" орденімен марапатталған.

1998 жылы 28-30 қыркүйекте "М.Әуезов және әлем әдебиеті" атты халықаралық конференцияда "М.Әуезов және қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу мәселелері" деген тақырыпта баяндама жасаған.

1999 ж. 24-25 наурызда Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 110 жыл толуына арналған Қарағанды қаласында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда "Ж.Аймауытов мағжантану ілімінің негізін қалаушы" деген тақырыпта баяндама жасаған.

1999 жылы тамыз айында Қазақ қыздар институтының "Ұлар" ансамблі ҚазМУ-дың доценті К.Ахмет қатысқан өнер бригадасымен Қытай халық Республикасының Шыңжаңдағы Құлжа облысының Монғол-Куре, Текес, Кунес сынды қазақ аудандарын аралап, кездесулер өткізген.

1999 жылы 14 қыркүйекте Дүниежүзілік қазақ қауымдастығы мен Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ұйымдастырған "Қазақ диаспорасының тарихын зерттеудің келелі мәселелері" атты ғылыми-практикалық конференцияда "Шетелдердегі қазақтардың рухани байлығын тарих ауқымына тартудың жай-күйі" деген тақырыпта баяндама жасаған.

2000 ж. 24-27 сәуірде Петропавл қаласында "Сәбит және қазіргі заман" атты халықаралық ғылыми конференцияда "Сәбит Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі тарихи орны" деген тақырыпта баяндама жасаған.

2000 жылы 17 мамырда Астана қаласында өткен республикалық ғылыми конференцияда "Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің классигі" деген баяндама жасаған.

2001 ж. 18 сәуірде қазақтардың Иранға ауып баруының 70 жылдығына орай "Қазақ Иран бауырластығының тарихы мен мәдени дамуы бүгінгі күнгі өзекті мәселелері" атты ел аралық ғылыми семинарда "Иран қазақтарының рухани шығармашылығы һәм салт-дәстүрі" деген баяндама жасаған.

2001 жылы 26 сәуірде М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Е.Ысмайыловтың 90 жылдығына арнап ұйымдастырған республикалық ғылыми конференцияда "Есмағамбет Ысмайылов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушылардың бірі" деген негізгі баяндаманы жасаған.

2001 жылы 18-19 мамырда Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде Қазақстан республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арнаған "Байырғы түрік өркениеті: жазба ескерткіштер" атты ғылыми -теориялық

конференцияның "Байырғы түрік ескерткіштері: тарихи аспект" деген секциясында "Әдебиетіміздің арғы бастауы хақында немесе тарихты түптен тартайық" деген тақырыпта баяндама жасаған.

2002 ж. 1 ақпанда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мен "Валют Транзит" қаржы-өнеркәсіптік ассоциациясы өткізген ғылыми конференцияда "Е.Ысмайылов және қазақ әдебиеттану ғылымы" деген тақырыпта баяндама жасаған.

2002 жылы 28 ақпанда С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешені ЮНЕСКО шешімімен өткізген халықаралық ғылыми конференцияда қазақ әдебиетінің "Қазбегі мен Эльбурсы" деген тақырыпта баяндама жасаған.

2002 жылы 19-21 наурызда Петропавл қаласында "Ғ.Мүсірепов және оның әдеби-көркем мұрасы" атты халықаралық конференцияда "Ғ.Мүсірепов қазақ әдебиетінің классигі" деген тақырыпта баяндама жасаған.

2002 жылы 27 сәуірде өткен Қазақстан жазушыларының XII құрылтайына шешуші дауыспен делегат болған.

2002 жылы 20 қыркүйекте Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің құрылғанына 30 жыл толу мерекесіне, 21-22 қыркүйекте Кенесары ханның Көкшетауда өткен 200 жылдығына, 25-27 қыркүйекте Тараз қаласының ЮНЕСКО шешімімен аталған 2000 жылдық тойларына қатысқан.

2003–2005 жж. Қазақ университетінде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Өтемісовке арналған конференцияларда және Қарағанды, Түркістан, Павлодар, Шымкент қалаларында өткен жиын симпозиумдерде баяндама жасалды. 2006 жылы Уфа қаласында медресе Ғалияның 100 жылдық мерейтойына Қазақстан делегациясын бастап барып, баяндама жасады.

Қазақстан Жазушылар Одағы ұйымдастырған жиындарға белсене қатынасуда.

КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА ТУРСЫНБЕКА КАКИШЕВА

Почетный академик Международной академии наук высшей школы (Казахстанское отделение) и академик Международной общественной академии им. Айтматова, лауреат премии Союза писателей Казахстана имени С.Сейфуллина, заслуженный деятель науки Республики Казахстан, доктор филологических наук, профессор Турсынбек Какишев родился 15 августа 1927 г в ауле Борли Даниловского рудника Буландинского района Акмолинской области в семье рабочего.

В 1950 году окончил факультет журналистики Казахского государственного университета им. С.М. Кирова. В годы учебы заведовал отделом молодежной республиканской газеты "Лениншіл жас", после окончания учебы работал старшим редактором издательства "Рауан"

В 1952 году решением ЦК Компартии Казахстана направлен на работу в Институт истории партии при ЦК КП Казахстана.

В 1958 году поступил в аспирантуру Института языка и литературы Академии наук КазССР

В 1960 году защитил кандидатскую диссертацию "Идейно творческие вопросы казахской советской литературы в период ее становления (1917-1929 гг.)", в 1971 году – докторскую диссертацию "Пути зарождения и становления казахской литературной критики"

В 1972 г. стал профессором.

С 1968 г. и по настоящее время работает в Казахском государственном национальном университете им. Аль Фараби.

Перу крупного литературоведа критика, видного ученого, писателя принадлежит тридцать две монографии, книги и брошюры: "Плоды Октября" (1962), "С.Сейфуллин", "Время и литература" (1967), историко-литературный очерк "Красный сокол" (1968), исследование зарождения литературного жанра "Путь критики" (1971), художественная биография серии "Жизнь замечательных людей", выпущенная

Московским издательством "Молодая гвардия". "Сакен Сейфуллин" (1972), брошюра "Партия и литература" (1975), первая книга казахской серии "Поучительная жизнь" "Сакен Сейфуллин" (1976), путевые очерки "По Волге" и "От истоков к вершине" (1978), "Казахская литература: начальный период" (в соавторстве, 1981) и о становлении казахской критики "Проблема жанра" (1982), "80 дней в путешествиях" (1983), сборник критических статей о литературе "На гребне времени" (1985), эссе "Садак" (1986). На русском языке сборник "Поступь" (1987), публицистика "Раны памяти" (1992). 1994 год был плодотворным: вышли из печати: "История казахской литературной критики" (25 пл.), "Нет заплатки на памяти" (25 пл.), "Суд Сакена", "Сакен и Гульбахрам". В 1997 году издается художественная биография "Сакен Сейфуллин", "Женщины в жизни Сакена" и "Судьба "Трудного пути" в соавторстве, капитальное исследование "Магжан Сакен" (1999), "Мир Сабита Муканова" (2000), "Соперничество" (2001), двухтомный "Мерей" (Престиж. 2002), "Раздумья" и историко – публицистическое эссе "Сабит Муканов" (2005) в соавторстве с К. Ахметом. Кроме этого Т. Какишеву принадлежит более семисот газетно журнальных публикаций и радио-телевизионных выступлений.

Какишев Т.К. принимал активное участие в качестве одного из авторов и литературных редакторов в издании многотомной "Истории казахской литературы" (том 3, книга 1 и 2, 1967), "Истории советской многонациональной литературы", созданной Институтом мировой литературы им. А.М.Горького АН СССР (том 1, 1970). В 1996 году подготовлена и издана под его общей редакцией в издательстве "Казак университеті" "Краткая история казахской литературы" предназначенная для студентов иностранных вузов и массового читателя.

Освещение истории казахской литературы ученым сопровождается публикациями литературного наследия казахских писателей. Им составлены собрания сочинений поэта-революционера Сакена Сейфуллина (том 4, 5, 6) и сборник "Кокшетау" (1994), двухтомник Сабыра Шарипова (1959, 1982), избранные произведений Сатгара Ерубаетова (1957, 1979, 1994),

Жиенгали Тлепбергенова(1969, 1996), Елжаса Бекенова (1977) и других.

Исследование идейно творческих проблем казахской литературы 20-х годов в период тоталитарного мышления были сопряжены с большими идейно эстетическими трудностями, но ему удалось сформулировать верные положения и решения, которые приняты научно творческой общественностью республики.

Профессором Т. Какишевым изучена научная тема вопросы зарождения и становления казахской литературной критики, которая стала одним из плодотворных направлений казахского литературоведения. Им создана программа по истории казахской литературной критики (1982) и учебник (1994), ставшие общим курсом на гуманитарных факультетах вузов республики.

В Казахском университете создана научная школа по изучению проблемы казахского литературоведения. Об этом положительно отзывался академик АН РК, профессор З.К. Кабдулов в своей книге "Взгляд": "Третья отрасль это литературная критика. Первоначально эту проблему начал изучать профессор Т. Какишев в одиночестве, роаясь в архивных хранилищах и библиографических редких книгах. В результате использования многочисленных документов и записей, суждений и публикаций он написал учебное пособие по казахской литературной критике. Это ценное исследование. Поэтому критики и исследователи современного процесса развития нашей родной литературы не могут обойти эту книгу, не обращая внимание на историю трудного пути становления нашей критики"

Сейчас это направление углубленно изучается его учениками не только в плане отдельных профессиональных критиков, но и в плане общей проблематики.

Перу Т. Какишева принадлежит книга "Сакен Сейфуллин", изданная в 1972 году в серии "Жизнь замечательных людей" московским издательством "Молодая гвардия", которая была первой книгой о деятелях тюркских народов и заложила основу казахской серии "Поучительная жизнь" Издательством "Жалын" в 1996 году выпущена первая

книга "Сакен Сейфуллин" этой серии, в 1997 году издательство "Рауан" выпустило заново переработанную биографию к 100-летию поэта.

Достоинством художественной биографии является насыщенность конкретно историческими фактами, широкое использование различного рода документов. Профессор Т. Какишев основательно исследовал исторические и архивные материалы, сумел правильно раскрыть смысл многих явлений социально политической жизни. Благодаря этому, книга дает наглядное представление о С. Сейфуллине как о революционном политическом деятеле. Творческой биографии писателя, его литературно художественным произведениям в книге отведено определенное место, что помогает читателю ясно представить, какое важное значение имело активное участие Сейфуллина в революционной борьбе и партийной государственной работе для его писательской деятельности, для закладывания основы новой литературы. Духовные потребности читателей переходного периода заставили автора переработать и дополнить книгу вновь открывшимися материалами, которые раньше не отвечали духу тоталитарного режима.

В 1999 году им написана и издана издательством "Казак университеті" большая научная монография "Творческое соперничество или Магжан Сакен", вариант которой вышел в 2001 году под названием "Соперничество". В 2000 году к 100-летнему юбилею Сабита Муканова выпустил сборник "Мир Сабита Муканова". Выпущен двухтомник "Мерей".

Сейчас готовится к печати третье издание "Женщины в жизни Сакена Сейфуллина" и "Сандалткан Садак".

Профессор Какишев активно выступает с докладами и выступлениями на научных конференциях и симпозиумах республиканского и международного характера. В 2006 году возглавил казахстанскую научную делегацию на торжествах, посвященных 100 – летнему юбилею медресе Фалия в Уфе.

Напряженный труд всегда требует отдушины. Ею для профессора стали путешествия первоначально по СССР, а потом по миру. Нет союзных республик, где бы Т. Какишев не побывал. С 1974 года он начал путешествовать по своему усмотрению по Каме, Волге, Дону, по автономным

республикам Поволжья, Кавказа. На Западе путешествовал по маршруту: Киев Херсон – Одесса Кишинев Ивано Франковск Брест Минск; на востоке: Красноярск Хабаровск Южно Сахалинск через Ванино на Комсомольск Благовещенск - Читу Улан –Удэ, через Байкал Иркутск Абакан Шушенское Новокузнецк Барнаул -Алматы. Несколько раз побывал в Средней Азии и Прибалтике, результатом этих поездок стали три книги путевых очерков.

После распада Советского Союза открылись дороги в Польшу, Китай, Турцию, Монголию, Иран, Францию, куда он ездил с целью знакомства с духовными ценностями казахской диаспоры.

Немаловажную роль любого гражданина, тем более ученого, играет его общественное лицо. В этом отношении выступление Т.Какишева в 1956 году на страницах газеты "Қазақ әдебиеті" в защиту интересов родного языка и казахской школы, осужденное в постановление ЦК КПК от 10 декабря 1956 года, предопределило его дальнейшие мысли и действия.

В годы перестройки, особенно в 1988 году, он выступил с большой и острой публицистической статьей "Необходимо исправить многочисленные ошибки, ставшие роковыми аксиомами" Борьба за правильное освещение истории алашского движения, борьба за статус казахского языка как государственного, организационное укрепление деятельности международного общества "Қазақ тілі", активное участие в проведении съездов казахской диаспоры и многое другое приумножили популярность деятельности профессора Т. Какишева.

Большую работу он проводил как член правления и заместитель приемной комиссии Союза писателей Казахстана, председатель секции по филологии и член президиума Совета по научной и учебно методической работе Министерства образования и науки. Был ректором народного университета "Қазақ" и председателем спецсовета по защите докторских диссертаций при КазГУ. Сейчас состоит членом секции критики литературы Союза писателей Казахстана, правления Всемирной ассоциации казахской диаспоры, спецсоветов КазГУ. Института

литературы и искусства им. М. Ауэзова АН РК, Киргизского национального университета им. Баласагуна.

В своей деятельности профессор Т. Какишев большое внимание уделяет развитию университетской науки. При кафедре истории казахской литературы и критики создана научная лаборатория "Казахский фольклор и история литературы", которая организовала при издательстве "Санат" выпуск серии книг "Жемчужина". Первыми ласточками этой серии были книги "Білер сөзі" и "Монғол қазақтарының әзілдері".

Изучение проблемы казахской диаспоры ближнего и дальнего зарубежья приобретает целенаправленный характер. Несмотря на материальные трудности, профессору Т. Какишеву удалось организовать и возглавить научно фольклорные экспедиции в Монголию и Исламскую Республику Иран. Кроме многочисленных статей и путевых заметок, радиопередач и видеофильмов, сдан в печать сборник "Казахи в Монголии" в объеме 20-ти печатных листов.

Большое, если не главное место занимает в деятельности профессора Т. Какишева подготовка научно педагогических кадров. Под его научным руководством 25 соискателей и аспирантов защитили кандидатские диссертации. Был научным консультантом девяти докторов наук. Оппонировал 35 кандидатских и 17 докторских диссертаций.

Плодотворная деятельность и активная позиция профессора Т. Какишева сделали его имя популярным не только в республике Казахстан, но и далеко за ее пределами. Он полон творческих сил и замыслов.

К.К. Абугалиева директор Центральной научной библиотеки Министерства образования и науки.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА Т. КАКИШЕВА

Турсынбек Какишевич Какишев родился 15 августа 1927 года в ауле Борли Даниловского рудника Буландинского района Амолинской области.

1934 - 1944 гг. ученик Каратальской, затем Даниловской средней школы.

С мая 1944 г. по октябрь 1945 г. - актер Акмолинского областного казахского театра.

1945 г. - поступил на отделение журналистики историко-филологического факультета КазГУ

С июля 1949 г. - заведующий отделом республиканской молодежной газеты "Лениншил жас "

В 1950 г. - назначен старшим редактором отдела учебников для высших учебных заведений Казахского государственного педагогического издательства (современное название "Рауан").

1950 г. - окончил КазГУ

1951 г. - был направлен ЦК Компартии Казахстана в Высшую партийную школу на курсы переводчиков произведений классиков марксизма - ленинизма.

1951 - 1952 гг. стал соискателем в Институте литературы и языка при АН КазССР, сдал кандидатский минимум.

1952 г. - решением ЦК Компартии Казахстана направлен на работу в Институт истории партии при ЦК Компартии Казахстана младшим научным сотрудником сектора перевода произведений классиков марксизма - ленинизма.

1953 г. - выступил с критикой книги академика А.С. Орлова "Казахский георический эпос" на дискуссии "Қазак эпосының мәселері", организованной АН КазССР

1954 - 1955 г. - в журналах опубликованы научные литературные труды "Әдебиет және искусство", "Ленин және әдебиет мәселелері", "Жиенгали Тлепбергенов", "Саттар Ерубаетын әдеби мұрасы", "Елжас Бекенов"

1957г. составил сборник избранных произведений С. Ерубаетова, и написал предисловие.

1958 г.- стал аспирантом Института языка и литературы АН КазССР

1959 г.- выступил на научной конференции, организованной АН КазССР. Выступление высоко оценено академиком М.О. Ауэзовым.

1959 г. младший, затем старший научный сотрудник Института литературы и искусства АН КазССР

1960 г. защитил кандидатскую диссертацию по теме: "Идейно творческие вопросы казахской советской литературы в период ее становления (1917 - 1929 гг.)"

1960 г. участвовал в работе экспедиции по сбору материалов о жизни и деятельности С.Сеифуллина под руководством профессора Е. Исмаилова.

1966 г. стал членом Союза писателей СССР

1967 г. в составе казахской делегации принял участие в торжествах, посвященных 100-летию азербайджанского классика и литературоведа Жалела Мамедкулизаде.

1968 г. старший научный сотрудник кафедры Казахской литературы в КазГУ

1969 г. принял участие в конференции, посвященной 100 летию О.Туманяна.

1971 г. - защитил докторскую диссертацию по теме: "Пути зарождения и становления казахской литературной критики", написал монографию "Сын сапары", избран секретарем партийной организации факультета.

1972 г. в художественной биографической серии "Жизнь замечательных людей", выпускаемой московским издательством "Молодая гвардия", вышла книга "Сакен Сейфуллин" первая книга, посвященная деятелям тюркоязычных народов.

1972 г. г. Баку. участвовал во всесоюзной научной конференции "Проблемы реализма советской литературы народов Востока", где выступил с докладом "Традиции критического реализма в казахской советской литературе"

1974 г. осуществлена давняя мечта путешествие по СССР. Маршрут пролегал: Свердловск – Пермь по Каме Чайковский Сарапул Набережные Челны – Чистополь, по Волге Ульяновск Тольятти Куйбышев Сызрань Балаково -Саратов Камышин – Волгоград, по Дону Калач на Дону

Цимлянск Волгодонск Ростов-на-Дону Тихорецк Кисловодск - Алматы. Результатом этого путешествия явились путевые очерки "По центральной улице страны", опубликованные в журнале "Жулдыз"

1975 г. научный руководитель студенческого научного общества.

1975 г. путешествие по западной части СССР: Алма Ата –Киев по Днепру Канев Черкессы Кременчуг Днепродзержинск Днепропетровск Запорожье Каховка Херсон Очаков Одесса Бендеры Кишинев Бельцы Черновцы - Ивано Франковск Львов Моршачь -Трусковец Луцк - Брест - Минск – Алма -Ата.

1975г. руководитель секции XXIX научной студенческой конференции, посвященной 30-летию Победы в Великой Отечественной войне.

1976 г. путешествие в восточную часть СССР: Алма Ата Красноярск Хабаровск Волочаевка Владивосток Артем – Южно Сахалинск Анива Корсаков Холмск через Татарской пролив Советская Гавань Ванино- Комсомольск-на-Амуре Амурск Благовещенск Тында -Чита – Улан -Удэ Бабушкин Выдрино Листвеика Иркутск Ангарск Абакан Минусинск Шушенское Междуречинск Новокузнецк Прокопьев Киселев -Артышты Барнаул Караганда – Алма Ата.

1976 г. вышла первая книга казахской серии "Поучительная жизнь" "С.Сейфуллин"

